

**Есім Ғ.<sup>1</sup>, Оралбай Қ.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан, Астана қ.  
<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Қазақстан, Астана қ.,  
e-mail: oral-kz.@indox.ru

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ  
АДАМ МЕН ӘЛЕМ БОЛМЫСЫНДАҒЫ ОРНЫ**

Бұл мақалада құндылық мәселесіне жасалған талдау және «құндылық» категориясын зерттеу әдіснамасының негізіне айналған пайымды тұжырымдамалар ұсынылып отыр. Құндылықтың мәнін анықтап білу адам және қоғам болмысының табиғатын аңғару үшін аса маңызды. Қоғамдағы белең алатын белгілі бір құбылыс өздігінен құндылыққа айналмайды. Ол тек әлемнің немесе белгілі бір әлеуметтік-мәдени қауымдастықтың, жеке тұлғаның біртұтас бейнесінің бір элементі ретінде ғана құндылық болып табылатындығы баяндалады. Құндылықтардың әрекеттесуі әрекеттесу субъектілері, құндылық тасымалдаушы объектілері, құндылықтардың мәні мен құндылықтардың өздерінің өзара араласуы болып табылады. Осы элементтер бір-бірімен байланысады және олардың осындай ажырамас байланыстан тыс болуы мүмкін еместігі сөз болады. Құндылықтар мәселесінде келісу және пайымдау сияқты екі қарама-қайшы көзқарасты байқауға болады. Тек түрлі аксиологиялық ағымдар мен мектептердің өкілдері ұсынатын «құндылықтар» ұғымының өзімен танысқан кезде ғана құндылықтар теориясының қазіргі күйіне қатысты сын пікірлер байқалады. Құндылықтар туралы көптеген ұғымдар мен көріністердің ішінен бірқатар ортақ қасиеттерді атап өтуге болады: құндылық – жеке тұлға үшін немесе бір топ тұлғалар үшін тиісті идея ретінде мәні бар немесе екеуінің де қос жиынтығы ретіндегі нақтылықтың объектісі (затты немесе затты емес) ретінде сипатталады; құндылықтарға қатысты экзистенционалды және метафизикалық екі түрлі көзқарастар қалыптасқан және этикалық көзқарастың негізінде Жақсылық пен Жамандық ұғымдары қаланған, соның шеңберінде адамның құндылықтарға иелік етуі жөніндегі мінез-құлықты сипаттайтын өзін-өзі дәлелдей алатын жеткілікті болмыстар дәйектеліп, қамтылған деуге болады.

**Түйін сөздер:** құндылық, игілік, тұлға, адам, ата, әке, бала, мәдениет, жаһандану, ұрпақтар сабақтастығы, қоғамдық қатынастар.

Yesym G.<sup>1</sup>, Kabul O.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>doctor of Philosophical Sciences, Professor, Academician of NAS of RK, Kazakhstan, Astana  
<sup>2</sup>Doctoral candidate of Eurasian national university named after L.N. Gumilev, Kazakhstan, Astana,  
e-mail: oral-kz.@indox.ru

**The nature of values and their place in human life and the world**

This article presents an analysis of the problem of values and considered insights, which became the basic methodology of research in the category of «value». Determining value is very important to recognize the nature of human nature and society. A certain unfolding phenomenon in the society itself is not transformed into value. The article says that it is valuable only as one element of a whole image of the world or of a particular socio-cultural community and the individual. The interaction of values is the relationship of the subjects of interaction, objects are carriers of values, values values and the values themselves. These elements are interlinked and they cannot stay outside of this close connection. In the issue of values, you may notice two such opposing views of the consent and reasoning. Only when familiarity with the concept of «values» offered by representatives of various axiological movements and schools, it is possible to notice the criticism on the current state of the theory of values. We can note a number of common qualities among the majority of the concepts and manifestations of values: a value is

characterized as having a value of the corresponding ideas for individuals or groups of individuals or as an object of precision (subject or abstract) of the aggregate of both; relative values formed two different existential and metaphysical opinion and on the basis of ethical opinion formed concepts of Good and Evil, it can be argued that in this framework, is defined and covered by a sufficient number of entities which can prove themselves, characterize the behavior of the person toward possession of the values.

**Key words:** Values, benefits, personality, people, culture, globalization, transformation of values, society, public relations.

Гарифолла Е.<sup>1</sup>, Кабул О.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>д.ф.н., профессор, академик НАН РК, Казакстан, г. Астана

<sup>2</sup>докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казакстан, г. Астана,  
e-mail: oral-kz@indox.ru

### Природа ценностей и их место в жизни человека и мира

В данной статье представлены анализ проблемы ценности и рассудительные выводы, ставшие основой методологии исследования категории «ценность». Определение значения ценности очень важно для распознавания природы сущности человека и общества. Определенное разгоревшееся в обществе явление само по себе не превращается в ценность. В статье говорится о том, что оно является ценностью только как один из элементов целого образа мира или определенного социально-культурного сообщества, личности. Взаимодействие ценностей является взаимосвязью субъектов взаимодействия, объектов носителей ценностей, значения ценностей и самих ценностей. Эти элементы связаны между собой и невозможно их нахождение вне этой неразрывной связи. В проблеме ценностей можно заметить два таких противоположных взгляда, как согласие и рассуждение. Только при знакомстве с самим понятием «ценности», предлагаемым представителями различных аксиологических течений и школ, можно заметить критику относительно современного состояния теории ценностей. Можно отметить ряд общих качеств среди большинства понятий и проявлений о ценностях: ценность характеризуется как имеющее значение соответствующей идеи для личности или группы личностей или как объект точности (предметной или безпредметной) совокупности обоих; относительно ценности сформированы два разных экзистенциальных и метафизических взгляда и на основе этического взгляда сформированы понятия Добро и Зло, можно утверждать, что в этих рамках определено и охвачено достаточное количество сущностей, могущих доказать себя, характеризующих поведение человека относительно владения ценностями.

**Ключевые слова:** ценности, блага, личность, человек, культура, глобализация, трансформация ценностей, общество, общественные отношения.

Құндылықтар мәселесі гуманитарлық ғылым салалары мен философияның ең басты зерттеу нысандарының бірі болғандықтан маңыздылыққа ие. Сондықтан да құндылықтардың мәнін пайымдау үшін құндылықтар болмысының бастапқы негізіне көз жүгірту керек.

Жаңа дәуірде пайда болған құндылықтарға қатысты «ғылым ұғымына қатысты қатаң көзқарас қалыптасқан және діни-дүниетанымдық қағидаттар өз пәрменділігін, айқындылығын жоғалтқан» [1, 30 б.].

Орта ғасырдағы діни дүниетанымның құлдырауы барысында біртұтас әлемді қабылдау үрдісі және адамның әлемдегі өз орнын, тіршілігінің мәнін пайымдау толығымен жойылып, оның өз мінез-құлқын реттеудің ішкі және сыртқы ақиқатқа жатқызылу үрдісінен қол үзілді. Сондықтан да адамның рухани өмірінде пайда болған бостық әлем көрінісін, адамның дүниетанымын объективті және субъективті шынайылыққа негізделген ғылыми пайым-

дау қағидаттары тұрғысынан адамның ақыл-ойы арқылы толықтырылады деген тұжырым жасалған.

Тек түрлі аксиологиялық ағымдар мен мектептердің өкілдері ұсынатын «құндылықтар» ұғымының өзімен танысқан кезде ғана құндылықтар теориясының қазіргі күйіне қатысты сын пікірлердің айтылуы айқын болады. Атап айтар болсақ, кейбір философиялық еңбектерде құндылық болуы тиіс нәрсе құбылыс ретінде ғана айқындалады. Америкалық психолог М. Рокич құндылықты адамның белгілі бір көзқараста болып, соған нық сенуін білдіреді деп, өз еңбегінде негіздемелері әралуан санаттар түрлерін ұсынады. Ал тағы да бір еңбегінде – құндылықтарға қоршаған орта объектілерінің спецификалық әлеуметтік анықтамалары ретінде түсініктемелер береді. Сонымен қатар, ақиқаттың белгілі бір құбылыстарының әлеуметтік және мәдени мәніне сілтеме жасау ретінде көрсетіледі. Кей кездері құндылықтар әлеуметтік

болмыстың бастапқы нысаны, әлеуметтік субъектінің әлеммен – табиғи және қоғамдық әлеммен (олардың құрамдас бөліктері өз кезегінде әлеуметтік «біртұтас» затты құрайды) де әрекеттесудің негізі ретінде қарастырылады, түсіндіріледі. Осы категорияны сипаттайтын осындай көзқарастар зерттелетін объектінің қасиеттерін нық анықтап, оның мәнін жете пайымдауға мүмкіндік бермейді. Құндылықтар туралы көптеген ұғымдар мен көріністердің ішінен бірқатар ортақ қасиеттерді атап өтуге болады. Оларды қысқаша тұжырымдайтын болсақ құндылық дегеніміз жеке тұлға үшін не бір топ тұлғалар үшін тиісті немесе идея ретінде мәні бар немесе екеуінің де қос жиынтығы ретіндегі нақтылықтың объектісі (затты немесе затты емес) ретінде сипатталады. Алайда «мәні бар» деген ұғымның өзі нақты анықталған ұғым емес, сондықтан да құндылық ұғымы не болмаса кеңейтілген түсіндірмесінде беріледі. Не болмаса «құндылық» ұғымы тек экономикалық тұрғыдан қарастырылатын ұғым немесе адамның қажеттілігі ретінде түсіндіріледі. Құндылық ұғымының кеңейтілген түсіндірмесіне сәйкес құндылықтар дегеніміз адамдарды құндылықтар үшін әрекет етуге итермелейтін белгілі бір идеалды болмыстар. Жеткілікті негіздеделерсіз құндылықтар категориясын дәріптеушілік құндылықтарды нақты әлемдегі онтологиялық негіздерден айырады, олардың табиғатын және шынайылықпен объективті себеп-салдарлы байланыстарын анықтауға, адам мен қоғамның мінез-құлқында уәждемелеуге кедергі туғызады. Құндылықтарды олардың тек экономикалық пайдалылық тұрғысынан ғана пайымдау оның асқан рухани сипатынан айырады. Оларды адам қажеттіліктерін қанағаттандырудың пайдакүнем құралдары арқылы адамның іс-әрекетінің белгілі бір функционалды реттеу тетіктеріне айналдырады. Құндылықтарды әрқалай түсінуге байланысты әдетте құндылықтар туралы әңгімелер әрбір адамға «құндылық», «игілік» деген не екендігі алдын ала белгілі болатындай етіп түсіндіріледі. Бұл феноменді кезінде Платон да атап өткен болатын. Ол игілік туралы пайымдағанда «... бізге игіліктің не екендігін түсінбейтін адамдар секілді сөгіс айтады. Өздері бізге игіліктің не екендігін білетін адамдармен сөйлескендей қатынас танытады да игілік деп жақсы нәрселерді атайды, олар игілік деп жиі айта берген жағдайда біз олардың не айтып тұрғандығын бірден аңғарып кететіндей» деп айтқан болатын [2, 34 б.].

«Құндылық» категориясын және жалпы құндылықтар теориясын пайымдау күйіне

жасалған талдауды аяқтап, «осы философиялық проблематиканың өте белсенді әзірленуі «құндылық» ұғымының мәнін анықтаудан бастап философиялық дискурстың жалпы құрылымында да аксиологияның орнын аңғаруға, философиялық дискурстың құрылымын әзірлеуге қатысты аса жемісті көзқарасты табуға дейін осында басым болған әдіснамалық және теориялық сәйкессіздікті жоюға әкеліп соқтырған жоқ» екендігін аңғару керек [3, 25 б.].

Құндылық – жаңа философияның да бастапқы кезені. Ресейлік философ Л. Шестовтың философиясына назар аудару құндылықтар мәселесіндегі «әдіснамалық және теориялық» әралуандылықтың себебін түсінуге тырысады. Бір жағынан адам үшін пайдалы, не болмаса жағымды нәрсенің яғни, адамды болмыспен көрінбейтін желі байланыстыратыны маңыды болады. Екінші жағынан – адамның іс-әрекетінің Жақсылық пен Жамандық туралы көріністермен байланысы және осындайда туындайтын белгілі нысан бойынша әрекет ету қажеттілігі туралы. Сондықтан да құндылықтардың табиғаты әртүрлі, олар: экзистенциалды және метафизикалық табиғат, екеуінің де табиғаты Канттың ілімінде сипатталған [4, 68 б.].

Сондай-ақ, құндылықтарға қатысты екі: экзистенциалды және метафизикалық көзқарастар қалыптасқан. Этикалық көзқарастың негізінде Жақсылық пен Жамандық ұғымдары қаланған және соның шеңберінде адамның құндылықтарға, сол құндылықтарға иелік ету жөніндегі мінез-құлқын сипаттайтын өз-өзіне жеткілікті болмыстар болып табылады [5, 84 б.].

Кант пен Гегель еңбектеріне жасалған талдау өздігінен құнды іс-әрекеттер тек шынайы тұлғаға ғана тән екендігін көрсетті. Ресейлік философ Н. Бердяев өзінің тұлға туралы ілімінде тұлғаның негізгі қасиеттері туралы былай деп айтқан: «Тұлға – табиғаттың емес, рух категориясы және ол табиғат пен қоғамға бағынбайды». Оның пайымдауынша «тұлға табиғат пен қоғамның бір бөлігі және қандай да болмасын біртұтас заттың бір бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін емес». Экзистенциалды философия, адамның экзистенциалды әлемнің негізі ретінде тұлға қоғамның бір бөлігі емес. Керісінше, қоғам тұлғаның бір бөлігі, тек оның әлеуметтік жағы ғана. Тұлға дегеніміз бүтін субъект, ол бір субъектінің бір бөлігі бола алмайды. Экзистенциалды философия үшін адамда табиғи қасиеттердің бар болуына қарамастан адам тұлғасының ерекше табиғи болмыстан тыс мәні бар. Жеке тұлға затқа қарама-қайшы ұғым, ол объектілер әлеміне

мүлде қайшы келетін белсенді субъект, әлем субстанциясының экзистенционалды орталығы. Аксиологиялық, бағалаушы сипаттағы объект. Аксиологиялық, баға беруші сипаттағы субстанция. Адамның міндеті – Тұлға болу – Адамның бүкіл күрделі рухани-жан сезім – тәндік құрамы бірыңғай субъект болып табылады. Тұлға үшін мәні бар құбылыс – тұлға болмысынан тыс субстанцияның, яғни өзінің бір саты жоғары тұратын субстанция болуы өте маңызды. Егер де тұлғадан биік тұратын болмыс болмаса тұлғаның өзін де тұлға ретінде қалыптасты деп айта алмаймыз. Сол кезде тек ру мен қоғамға бағынышты индивидум ұғымы ғана болары сөзсіз, сол кезде табиғат адам болмысынан биік, адам тек табиғаттың бір бөлігіне ғана айналады.

Ресми білім беру жүйесінде нарық талаптарына сәйкес техникалық және басқару дағдыларына, икемділіктеріне мән беріледі. Сол арқылы дәстүрлі академиялық пәндер шеттетіледі.

Ақпараттық технологиялар ақпараттың қарқынды түрде берілуіне қарамай, олардың маңызды бір бөлігінің пайдасы шамалы болып келеді. Қазіргі әлемде адам құқығын қорғау аясында қос стандарттар орын алған, бұл батыс мемлекеттерінің сыртқы саясатта өздеріне пайдалы кезде ғана қолданыс табатын құралына айналды.

Сонда жаһандандудың жағымсыз жақтарымен қалай күресу қажет? Саяси ғылымдар докторы Зұлпыхар Гаипов оған қарсы тұрар күш – ұлттық мәдениет деп санайды [6, 32 б.]. «Біздегі кейбір ұлтшылдардың «қазақ құрып бара жатыр» деген ешбір дәлелсіз байбаламдары қарапайым халықты уайымға салып қояды. Сол арқылы қоғамдық сана қалыптасып жатыр. Бүгінде қазақтың ұлттық мәдениеті, тілі мен дініне қара аспанды төндірудің қажеті жоқ. Қазақ қазақ болғалы басынан небір нәубетті жылдар өтті. Қазақ – аласапыран жылдарда да ұлттық құндылықтары жойылмай сақталып келе жатқан бірден бір ұлт. Атырау мен Алтайдың, Қызылжар мен Түркістанның қазақтары ешбір диалектісіз сөйлейді. Ал көрші Өзбекстанның оңтүстігі мен солтүстігі өзбек тілінде сөйлесе де, бір-бірін түсінбейді. Шағын ғана жері бар Қырғызстанның бүгінде оңтүстік пен солтүстік болып қырқысып жатқанын көріп отыр. Бұл жағынан салыстырып қарағанда, Қазақстанда ауызбіршілік те, өзара түсіністік те бар. Ең бастысы – тіліміз бен дініміз таза. Қазір «қазақ тілін дамыту үшін» деп ұрандататындар бар. Қазақтың тілі – атам заманнан бері дамып, кемел-

денген тіл. Сондықтан тіліміз ешқашан өлмейді, жойылмайды. Жаһандануға қарсы тұруға қауқар боларлық күш – ұлттық мәдениет. Бұл тұрғыда елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Рухани жаңғыру» аясында көптеген шаруа атқарылды. Әлі де атқарылып жатыр. Ұлттық мәдениетті сақтай отырып, рухани жаңаруға ұмтылуда Жапонияның тәжірибесіне сүйенгеніміз дұрыс болар еді. Жапония десе, кез келген адамның көз алдына кимоно, самурайлардың қылышы және керамика елестейді. Дәл осылай бүкіл әлем қазақ дегенде, қымыз, ұлттық киімдеріміз, ұлттық ойындарымызды елестететіндей болуымыз керек қой. Мысалы, Жапонияда ұлттық киімдерді тігетін шеберлерге мемлекет тарапынан арнайы гранттар бөлінеді. Яғни қарапайым іскерлерді ынталандырып отырады. Бізде де мемлекет тарапынан үлкен қолдау болып жатса, ұлттық құндылықтарымызды заманауи үлгіде жаңғыртуға әбден болады». Әрине, З. Гаиповтың қазақ тілінің патриоттарын «ұлтшыл» деп атаған пікірін құп алмаймыз, алайда ұлттық мәдениет туралы ойы көңілге қонымды екендігін атап өткен жөн [7, 13 б.].

Құндылықтар жүйелерін трансформациялау міндетін шешу құндылықтар трансформациясы үрдісіне қатыстырылатын объекттің мәнін пайымдау қажеттілігіне де тікелей қатысты.

Құндылықтың болмысын анықтау адам мен қоғам болмысындағы мәнін аңғару үшін қажетті, алайда жеткілікті емес. Иелену мақсатында нақты өмір субъектісінің, не объектісінің маңыздылығын анықтау оның шынайы пайдалылығын немесе зияндығын сипаттамайды, кез келген объектіде немесе іс-әрекетте Мейірім де, Жамандық та болуы мүмкін.

Осы мәселеге талдау жасаған кезде И. Кант «Адам бай болғысы келеді – осыған орай ол өзіне қанша қызғаныш және қудалаушылық тілеп алуы мүмкін!» деген еді. Ол ауқымды танымдар мен аңғаруларды талап етеді – мүмкін ол оған кей мәселелерге көкірек көзін ашуға мүмкіндік беріп, нәтижесінде осыған дейін байқамай жүрген бақытсыздықтарды көріп не оның онсыз да мазасыздық туғызатын құмарлықтарын арттыра түсетін болар, себебі олардан құтылуға болмайды. Адам өз өмірінің ұзақ болғандығын қалайды – бірақ оның ұзақ өмірі тек ұзаққа созылған азап пен бейнетке айналмайтындығына кім кепіл береді? Ол өзіне кем дегенде денсаулық қалайды – бірақ көптеген жағдайларда адам денесінің әлсіздігі оны денсаулығы мықты болған кезде салынып кетуі ықтимал азғындыққа жеткізбеген жағдайлар қаншама және т.т.» [4, 262 б.]. Сөйтіп,



белгілі бір құндылықтың мәні болып табылатын жақсылықтың шынайы пайдалылығын анықтау үшін сол пайдалылықты анықтауға негіз болатын өлшемді белгілеу керек. Құндылықтар мәселесінде бұл негізгі мәселе болып табылады. Мұны алғаш рет Сократ «Игілік деген не?» деген сұрақ қою арқылы қозғаған, оны кейін өзінің игілік тұжырымдамасында Платон былай деп дамытты: «Игілік идеясы – бұл ең маңызды білім. Игілік идеясы арқылы әділдік және т.т. игіліктер пайдалы әрі жарамды болады. Бұл идеяны біз толық біле бермейміз. Ал игілік идеясын білмесек басқа мәселелерге қатысты мәліметтеріміз жетерлік болса-дағы ешнәрсе бізге пайдалы болмайтындығы анық» [8, 58 б.]. Платон «игілік дегеніміз не?» деген сауалға нақты жауап берген жоқ, себебі ол игілік болмысын рационалды әдістер арқылы танып білуге болмайтын және адамның болмысында рационалды әдістер арқылы анықталмайтын трансцендентті кеңістік шеңберінде қарастырған еді. Алайда ол игілік пен таным арасында байланыс бар екендігін атап өткен. Әдіснамалық және гносеологиялық тұрғысынан Платонның тұжырымдамасы қазіргі заманғы философия үшін де өзекті болып табылады. Өз кезегінде Аристотель де игілік пен таным арасында байланыс бар екендігін атап өткен, бірақ ол игілікті нақтырақ сипаттайды. Аристотельдің пайымдауынша, ғылым игілік пен жақсылықтың ең жоғарғы түрі, себебі ғылымда білім мен пайымдаудың адамға келтіретін пайдасына қатыссыз үрдістері шоғырланған [2, 52 б.]. Игіліктің осындай нақты пайымдалуының негізі – білімге деген талпыныс. Қажеттіліктер теориясы тұрғысынан алсақ ғылым дегеніміз тек қажеттіліктерді (әлемді тану қажеттіліктерін қанағаттандыру және өзге де қажеттіліктерді тудыру құралы) қанағаттандыру құралдарының бірі ғана, сондықтан да құндылық ретінде игілік бола алмайды, себебі бұл құндылық қаншалықты жоғары болса да ол барлық басқа құндылықтардан – мысалы, өмірдің мәні (атап айтқанда, діни құндылықтар), әділеттілік, сұлулық және т.т. сынды құндылықтардан жоғары бола алмайды. Осындайда ғылымның құндылығын барлық басқа құндылықтардан да жоғары қоятын объективті өлшем мен ғылымды игілік деңгейіне дейін көтеретін жеткіліктік өлшемі жоқ. Платонның тұжырымдамасы нақтылықтағы игілікті танудың нақты әдістерін ұсынбаса да оның мәні жалпылама сипатта, себебі игілік пен құндылықтың арақатынасын сипаттау барысында күллі аксиологиялық мәселеге қатысты әдіснамалық көзқарасты білдіреді: «менің пайымдауымша, егер де

әділеттілік пен сұлулықтың мәні қалай игілік негізіне айналатындығы белгісіз болса оны білмейтін адам аталған құндылықтарды қорғай да алмайды. Онсыз ешкім оларды танып біле де алмайды деп болжай аламын» [2, 89 б.].

Алайда әлем мен адам қандай болуы тиіс деген сұраққа жауап философия тарихында ешқашан біркелкі болған емес. Қоғамның нақты болмысындағы игілікті кейіптеуді әртүрлі ойшылдар әрқалай негіздеп, соған байланысты қоғам мен мемлекеттің құрылым нысанымен байланыстырған. Осындай түсініктер адам мен қоғамның нақты болмысындағы игілігі туралы шынайы білім тудырмайды. Гегель өзінің игілік туралы ілімін дамытқан кезде адамның болмысынан және оның қажеттіліктерінен туындайтын қылықтардың ізгі болу құқығын қорғайды және сол арқылы игілік мәселесін экзистенциалды көзқарас тұрғысынан қарастырады: «Алайда субъектіліктің абстрактті және формалды еркіндігі өзінің табиғи, субъекті болмысына, қажеттіліктеріне, құмарлықтарына және икемділіктеріне, пікірлеріне, фантазияларына ғана тән. Осындай мәнді қанағаттандыру игілік немесе бақыт болып табылады» [9, 67 б.]. Гегель қажеттіліктерге байланысты орын алатын қылықтардың ақиқатты болу мүмкіндігін ақтайды және оларды Канттың категориялық императивінің негізінде жасалған қылықтарымен бір қатарға қояды. Осындайда Кант та, Гегель де игілік ұғымын бақыт ұғымымен байланыстыратындығын атап өту керек және игілік дегеніміз бақытты жүзеге асыратын шарт болып табылады.

Жоғарыда айтылған нақтылықта болмыстың қалыптасуындағы еркіндік белгілері (бифуркация жерлері) бар және бифуркациялар арасындағы қажеттілік заңдарына сәйкес анықталады. Сондықтан да Гегельдің құндылықтар мен игіліктер туралы ілімінде болмыстың қалыптасу барысындағы нақтылықтар туралы айтылса, Канттың ілімі – нақтылықтың тұрақты күйі туралы баяндайды. Жалпы алғанда олар бір-біріне қайшы келмейді, қайшылықтарға қарамастан бір-бірін толықтырады. Алайда Гегельдің игілікті анықтаудағы экзистенциалды көзқарасқа бағытталған ілімі қазіргі кездегі жаратылыстану ғылымдары мен адам туралы білімдердің дамуы адам мен қоғам болмысындағы Гегельдің игілік өлшемдерін анықтаудағы экзистенциалды көзқарасының перспективтілігін және құндылықтар трансформациясының шарттарын зерттеу үрдістерін негіздейді.

Гуманистік психологияны негізге ала отырып біздің зерттеуіміздің тақырыбына қатысты

адамға «барлық заттардың өлшемі» мәртебесін қамтамасыз ететін және ең жоғарғы ниеттер мен талпыныстардың жүзеге асырылуы үшін жағдай жасайтын құндылықтар жүйесі, қоғам жағдайы игілік болып табылады деп айтуға болады. Сол кезде адамға қатысы бар кез келген құндылық оның тиісті қажеттілігін басқа құндылықтармен және қажеттіліктермен үйлестіріліп қанағаттандырады. Ол басқа құндылықтармен бірге адамның жетілдірілу бағытындағы және басқа адамдарға деген махаббатқа негізделген барлық қажеттіліктерін, қасиеттерін дамытуға қатысу арқылы адамға объективті түрді пайдалы болып табылады. Болау мүмкіндігі анық болғанға айналдырудың басты объективті жағдайлары еркіндік пен еркіндікке негізделген қоғамдық қатынастар болып табылады. Аталған қатынастар адам үшін объективті түрде маңызы бар болып табылатындықтан, сондай-ақ құндылықтар мен құндылықтарға негізделген қарым-қатынастарға тартылады [10, 99 б.].

Қоғамдық қатынастар туралы айтқан кезде біз объективті түрде маңызды тақырыпқа назар аударамыз, ол – барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы қоғамның әрбір мүшесінің барлық адами қажеттіліктерін қанағаттандыруға

және жалпы адамды жетілдіруге бағыттала жетілдірілген қоғамды құру мәселесі.

Тарихтан байқап отырғанымыздай, осындай қоғамды құру қиынға соғады, алайда ол мүмкін емес деп айта алмаймыз. Осындайда мәселенің төркіні белгілі бір жағдайларда аталған жағдайларды жасайтын нақты теориялар мен мүмкіншіліктердің бар болуында емес. Аталған жағдайларды құру тек адамдардың және ең бастысы шығармашылық зиялы қауымның ұйымдасқан іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, себебі осындай ұйымдасқан қызмет іс-әрекеттің бағыты мен бағдарын анықтап, өзінің теориялық көзқарастарының шынайылығын басқарушы элитаның назарына жеткізеді немесе теориялық көзқарастарды жүзеге асырудың өзге амал-әдістерін (олар төңкерістік сипаттағы әдістер болуы мүмкін) іздестіреді. Алайда, егер осы адам дамуының негізін оның ең жақсы қасиеттерінің дамытылуы деп білетін осы элитаның озат, басқарушы санатының ойлаудың мәнін, құндылық бағыттауларды және ізгілік қасиеттерін қарастыратын болсақ, адам қоғамының қазіргі жағдайы аталған шарттарды жүзеге асырудан әлдеқайда алыс екендігін байқаймыз. Әсіресе айтылғанның батыс қоғамына тікелей қатысы бар екендігін ұғынамыз.

#### Әдебиеттер

- 1 Тажутов А. Қазақша-орысша үлкен сөздік: 3180 сөз. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 303 б.
- 2 Платон. Собр. сочинений. Т. 3. – М.: Мысль, 1994. – 286 с.
- 3 Каган М.С. Философская теория ценности. – СПб., 1997. – 125 с.
- 4 Кант И. Основы метафизики нравственности. Соч. В т. Т. 4. – М., 1964. – 150 б.
- 5 Гуссейнов А.А. Этика. – М.: Юрайт, 2013.
- 6 Гаипов З.С. Политическое развитие Республики Казахстан и глобализация (политологический анализ): автореферат дис... док. полит. наук: 23.00.02. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 40 с.
- 7 Саяси ілімдер тарихы: оқу құралы (1244.9 кВ) //З.С. Гаипов, Ш.М. Жандосова. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 192 б.
- 8 Философия от античности до современности: антология мировой философской мысли. – Астана: «Фолиант», 2005. – 350 с.
- 9 Платон. Собр. соч. Т.3. – М.: Мысль, 1994. – 445 с.
- 10 Гегель. Философия права // Серия «Философское наследие», том 113. – М.: Мысль, 1990. – 524 с., 210 с.
- 11 Ойзерман Т.И. Проблема должноствования в философии Гегеля // Вопросы философии 1995. – №5. – С. 98-102.

#### References

- 1 Tazhutov A. Kazakhsha-orysshya ulken sozdik: 3180 soz. – A., Sozdik-Slovar, 1998.- 303 b.
- 2 Platon. Sobr. sochinenii. T. 3. – M.: Mysl, 1994. – 286 s.
- 3 Kagan M.S. Philosophskaya teoriya Tchennosti. Spb., 1997. 125 s.
- 4 Kant I. Osnovy metaphiziki nraivstvennosti. Soch.V T.4. – M., 1964. – 150 s.
- 5 Gusseinov A.A. Etika. -M.: Unait, 2013.
- 6 Gaipov Z.S. Politicheskoe razvitie Respubliki Kazakhstan i globalizasiya (politologicheskii analiz): avtorepherat dis... dok. polit. nauk: 23.00.02 //Kazakh universiteti. -A., 2010. -40 s.
- 7 Sayasi ilimler tarixy. Oku kuraly (1244.9 kB). //Z.S.Gaipov, Sh.M.Zhandosova. – A.: Kazakhstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrliги Philosophiya gylym komiteti, Sayasattanu zhane dintanu instituty, 2015. – 192 b.
- 8 Philosophiya ot antichnosti do sovremennosti: antologiya mirovoi philosophskoi mysli. -Astana, «Pholiant», 2005. – 350 s.
- 9 Gegel. Philosophiya prava. – M.: Mysl, 1990. – 524 s. Seriya «Philosophskoe nasledie», tom 113, 210 s.
- 10 Oizerman T.I. Problema dolzhenstvovaniya v filosofii Gegelia// voprosy filosofii. 1995. – №5. 98-102 s.